

Жазира Идрышева¹, Рахат Тұрсын²

¹ *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты
(Алматы, Қазақстан)
idrysheva7@gmail.com.*

² *Халықаралық қазақ-қытай колледжінің оқытушысы,
«Халықаралық қатынастар» магистрі
(Алматы, Қазақстан)
e-mail: rakhat.tursyn@gmail.com*

ҚЫТАЙ-ТҮРКИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа. Мақалада Қытай Халық Республикасы мен Түркия Республикасы арасында дипломатиялық қатынастың қалыптасуы мен даму үдерісі қарастырылған. Автордың пікірінше, екі елдің қатынастары тарихи кезеңдерде Қытай мен Түркияның жүргізген ішкі және сыртқы саясаттарына және халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерге байланысты түрліше сипатталады. Тараптардың саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және басқа салалардағы қатынастарының даму ерекшеліктері пайымдалып, екі мемлекет арасында тарихтан келе жатқан, қазірге дейінгі шешімін таппаған Шыңжаңдағы ұйғырлар мәселесі мен Түркиядағы күрд ұлты проблемасының мемлекеттік қатынас әсеріне талдау жасалады. Қытай мен Түркия арасында саяси қарама-қайшылықтар сақталғанына қарамастан, екіжақты қатынастар жалпы даму үдерісіне келе жатқаны нақты деректер арқылы дәлелденеді. Қытай Халық Республикасы мен Түркия Республикасының қазіргі таңдағы халықаралық қатынастарда алатын орны мен атқаратын рөліне баға беріліп, олардың ұлттық мүдделері тоғысатын тұстары зерделенген. Сонымен бірге қазірге дейін тараптар әртүрлі себептерге байланысты өздерінің мүмкіндігін толық пайдаланбаған, бірақ болашақ дипломатиялық қатынастардың дамуына берік негіз қалады деген тұжырым жасалған.

Түйін сөздер: *Қытай мен Түркия, Екі жақты қатынастар, сауда -экономикалық байланыстар, саяси қарама-қайшылықтар, болашақ даму, ПҚК, (Күрдістан жұмысшылар партиясы).*

Жазира Идрышева, Рахат Тұрсын

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ КИТАЙСКО-ТУРЕЦКИХ ОТНОШЕНИЙ

Аннотация. В статье рассматривается процесс становления и развития дипломатических отношений между Китайской Народной Республикой и Турецкой Республикой. Автор считает, что отношения двух стран по-разному характеризуются

в исторические периоды в зависимости от внутренних и внешних политик Китая и Турции, а также изменений в системе международных отношений. Рассмотрены особенности развития отношений сторон в политико-дипломатической, торгово-экономической и других сферах, проведен анализ влияния на государственные отношения проблемы уйгуров Синьцзяна и проблемы курдской национальности в Турции, которые до сих пор не нашли своего решения. Несмотря на то, что между Китаем и Турцией сохраняются политические противоречия, на конкретных данных доказываем, что двусторонние отношения находятся в процессе общего развития. Дана оценка места и роли Китайской Народной Республики и Турецкой Республики в современных международных отношениях, изучены точки соприкосновения их национальных интересов. При этом сделан вывод, что до сих пор стороны не использовали весь свой потенциал в силу разных причин, но заложен прочный фундамент для развития будущих дипломатических отношений.

Ключевые слова: *Китай и Турция, двусторонние отношения, торгово-экономические связи, политические противоречия, будущее развитие, ПКК, (Рабочая партия Курдистана).*

Zhazira Ydrysheva, Rakhat Tursyn

ISSUES OF DEVELOPMENT OF CHINA-TURKEY RELATIONS

Abstract. The article considers the process of formation and development of diplomatic relations between the People's Republic of China and the Republic of Turkey. It is believed that the relations between the two countries have been characterized differently in historical periods, depending on the domestic and foreign policies of China and Turkey, as well as changes in the system of international relations. The development of politics, diplomacy, trades, economics and other relations between the two countries will be discussed. Even with the political differences between China and Turkey, bilateral relations are proving to be a common development process. The two countries will analyze the historical unresolved Uyghur issue in Xinjiang and the impact of the Kurdish issue in Turkey on state relations. The current place and role of the People's Republic of China and the Republic of Turkey in international relations were measured, their national interests covered. The author concludes that so far the parties have not used their full potential for various reasons, but a solid foundation has been laid for the development of future diplomatic relations.

Keywords: *China and Turkey, Bilateral Relations, Trade and Economic Relations, Political Contradictions, Future Development, PKK, (Kurdistan Workers' Party).*

Кіріспе

Қытай Халық Республикасы мен Түркия Республикасы арасында дипломатиялық қатынас 1971 жылы орнады. Содан бері екі ел қатынастары біртіндеп даму динамикасында келеді деуге болады. Тарихи тәжірибелер,

еларалық қарым-қатынастар көбінесе саяси, экономикалық және қауіпсіздік салаларындағы ортақ мүдделер негізінде орнайтынын және дамитынын көрсетеді. Бұл заңдылықты Қытай және Түркия қатынастарынан да көруге болады. Алайда бұл екі елдің саяси сипатында, ұстанған сыртқы саясаттарындағы айырмашылықтары айқын. Мемлекеттер ара-қатынастары идеология негізінде емес, ұлттық мүдделер негізінде құрылғандықтан, саяси жақтан кереғар келсе де, сауда-экономикалық байланыстар өз жолымен дами беретінін халықаралық тәжірибелер көрсетіп отыр. Қытай мен Түркия арасындағы қатынастар олардың саяси ұстанымдарының сәйкес келмегеніне қарамастан экономикалық сауда және іскерлік ынтымақтастықтары қалыпты дамып келеді. Әрине, бұл екі мемлекетте бір-бірінен саяси тұрғыдан сақтанатын психологиясы олардың тығыз байланыс жасауына кедергі келтіріп отырғаны анық мәселе.

XXI ғасырда Қытайдың дүниежүзіне экономикалық ықпалының артуына, әсіресе «Бір белдеу – бір жол» мега жобасының атқарылуына байланысты, екі ел арасында өзара мүдделер тоғысы оларды жақындастыра түсті. Түркия мемлекетінің географиялық орналасуының стратегиялық маңызы қытайларды қызықтырса, Қытайдың инвестициясы мен технологиясы Түркияны баурады. Алайда Қытай Коммунистік Партиясының (ҚКП) Шыңжаңдағы ұйғырларға қатысты саясаты және Түркияда ұйғыр «сепаратистерінің» әрекеттері екі жақты қатынастардың дамуына жағымсыз әсерін тигізіп келеді. Дей тұрғанмен бұл мәселені екі жақта өздеріне тиімді пайдаланып, сауда-экономикалық және инвестиция саласында ынтымақтастық қатынасын дамытып келеді. Сондықтан Қытай мен Түркия арасындағы қарама-қайшылыққа толы күрделі қарым-қатынастарды зерттеудің жалпыға бірдей теориялық және практикалық маңызы зор.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың методологиясы тарихтану ғылымының, халықаралық қатынастар ғылымының қазіргі заманғы теориялық методологиясы принциптеріне негізделді. Зерттеу барысында ақпаратты іздеу және жинау әдістері, сыни іріктеу әдістері, сараптау, салыстырмалы талдау, тарихи талдау және қорыту әдістері кеңінен қолданылды. Мақаланы жазу барысында, Қытай мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастарға қатысты қытай және түрік тілінде жазылған еңбектерді пайдалану арқылы қорытынды шығару зерттеу жұмысының басты өзегі саналады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

1971 жылы 4 тамызда Қытай мен Түркия дипломатиялық қатынас орнатқаннан бастап екі ел қатынастары жаңа тарихи даму кезеңіне қадам басты. Тараптардың саяси, сауда-экономика, мәдениет, ғылым-техника саласындағы өзара алмасулары мен ынтымақтастық қатынастары біртіндеп

дамып келеді. XX ғасырдың 80-90 жылдарында екі елдің жоғары деңгейдегі өзара сапарлары көбейіп, екіжақты қатынастың дамуын ілгерілетті. XXI ғасырда екі ел қатынастары дами түсті. 2010 жылы ҚХР мен ТР стратегиялық әріптестік қатынас орнатты. 2012 жылы Түркияның Қытайдағы мәдениет жылы, 2013 жылы Қытайдың Түркиядағы мәдениет жылы өтіп, екі ел халқының бір-бірінің мәдениеті туралы танымдары мен түсінігін тереңдетті. 2015 жылы екі мемлекеттің Үкіметаралық ынтымақтастық комитеті құрылып, тараптардың саяси, сауда-экономика, қауіпсіздік және мәдениет саласындағы ынтымақтастық байланыстарын реттеу қызметін атқарып келеді. Алайда Қытай мен Түркия өзара саяси сенім орната алған жоқ. Қытай Түркияны «Шығыс Түркістан сепаратистерін» қолдайды, солардың апаны деп айыптаса, Түркия ҚКП Шыңжаңдағы ұйғыр сынды мұсылман бауырластарына геноцидтік саясат қолданып отыр деп кінәлайды. Бұл мақалада ҚХР мен ТР қарым-қатынастарының даму үдерісін қарастыру арқылы екі ел қатынастарының дамуын анықтау және сақталып отырған түйткілді мәселелерге талдау жасау мақаланың негізі міндеті болмақ.

Екі жақты қатынастардың негіздері. Қытай мен Түркия арасындағы қарым-қатынасының тарихы ұзақ, мазмұны өте бай. Екі елдің шұғылалы тарихи мәдениеті әлем өркениетінде өзіндік орны айырықша. Бүгінгі таңда ҚХР әлемде экономикасы дамыған екінші мемлекетке айналды. Ал Түркия дүниежүзінде үлкен жиырма мемлекеттің санатындағы ықпалды мемлекеттердің бірі. Оның геостратегиялық орналасуының стратегиялық маңызы қазіргі халықаралық қатынастар жүйесі де елеулі рөл атқаруымен ерекшеленеді. Азия құрлығының екі жағында орналасқан бұл екі мемлекеттің саяси сипаты мүлдем ұқсамаса да, олардың арасындағы дипломатиялық қатынастар үздіксіз дамып келеді.

Қазіргі замандағы Қытай мен Түркия арасындағы алғашқы қатынас 1927 жылы басталды. Сол жылдары Қытайдың бұрынғы астанасы Нанкинде Түркия Республикасының Елшілігі 1929 жылы өз жұмысын бастады. Хулуси Фуат Тугай (Hulusi Fuat Tugay) ТР-дың бірінші уақытша сенімді өкіл ретінде дипломатиялық қызмет атқарды. Алайда екі ел арасындағы қарым-қатынастар айтарлықтай өрістеп кетпеді. 1931 жылы Түркияның Нанкин қаласындағы елшілігі елдегі саяси тұрақсыздық пен экономикалық қиындықтарға байланысты қызметін тоқтатып, уақытша сенімді өкіл Хулуси Фуат Тугай Қытайдан еліне қайтты. Араға сегіз жыл салып Түркия Қытайдағы елшілігін 1939 жылы қайта ашты, Эмин Али (Emin Ali Sipahi) Бас елші болып тағайындалды [1, 148]. Екі ел қатынастары Мұстафа Кемал Ататүрік пен Исмет Инонуның кезеңінде экономикалық жағынан да, саяси жағынан да жоғарғы деңгейде дамып отырды [2, 63].

1949 жылы ҚКП азаматтық соғысында жеңіске жетіп, 1949 жылы 1 қазан күні Мао Цзэдун ҚХР-дың құрылғанын жариялады. Бірақ Түркия Батыс елдері сияқты ҚХР-ды ұзақ уақыт мойындамады. Тайваньға ауып

барған Гомиьндан үкіметін Қытайдың заңды үкіметі деп санап, солармен дипломатиялық қатынастарын жалғастырып отырды.

Мао Цзэдун ҚХР-дың төрағасы ретінде 1949 жылы желтоқсанда Мәскеуге ресми сапармен барды. Бұл ҚХР-дың сыртқы саясатындағы алғашқы маңызды қадамы болды. 1950 жылдың ақпанында КСРО мен ҚХР Мәскеу мен Пекин «Достық, одақтық және өзара көмектестік туралы шартқа» қол қойды. Мао Цзэдунның Сыртқы саясаты социалистік лагерьге басымдылық беру және батыс блогына қарсы тұру болады. 1950-ші жылы басталған Корей түбегіндегі соғыс ҚХР мен АҚШ-ты түбегейлі жауластырды. Содан 1970 жылдарға дейін Қытай Батыс әлемінен оқшауланып келді [1, 201]. ҚХР-тек КСРО бастаған социалистік мемлекеттермен, яғни Болгария, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Польша, Монголия Халық Республикасы, Германия Демократиялық Республикасы, Албания, Вьетнам және Корея Демократиялық Халықтық Республикасы қатарлы он сегіз социалистік мемлекеттермен және Азия, Африкадағы дамушы мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынаста болды. Мұны ҚХР-дың «бір жағына шығу», яғни социалистік мемлекеттер жағында болудың дипломатиялық нәтижесі деуге болады.

Алайда ҚХР мен КСРО қарым-қатынастары 1950-ші жылдардың соңына ала идеологиялық алауыздықтан салқындап, 1960-шы жылдары ашық жауласуға барды. 1969 жылы екі ел шекарасында әскери қақтығыстар орын алды. Сонымен ҚХР мен КСРО қатынастары барынша шиеленісіп, халықаралық қатынастар жүйесінің құрылымының өзгеруін тудырды. Ұлы державалар арасында жаңа саяси одақтастық қалыптасуына алғы шарт әзірледі. Қытай мен АҚШ өздерінің ортақ жауы – Кеңес Одағына төтеп беру үшін одақтастық қатынас орнатты [3, 29].

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі бұл өзгерістер Түркияның Қытайға ұстанымын өзгертті. Өйткені Түркия өзінің сыртқы саясатын АҚШ-тың ыңғайына қарай реттеліп отыратыны белгілі. Сондықтан Түркия бұл кезеңде Кеңес Одағынан туындайтын қауіп-қатерге байланысты АҚШ жетекшілік ететін батыс блокқа жақындай түсті.

1960-шы жылдардағы халықаралық қатынастарда орын алған өзгерістер, Кипр мәселесіне қатысты Түркия мен Батыс блогы арасында қарама-қайшылықтар күрделене түскен-ді. Осындай халықаралық жағдайда Қытай мен Түркияның жақындасуына орай туды. 1960 жылғы Түркиядағы саяси өзгерісті Қытай баспасөзі: «Бұл оқиға Түркия тарихындағы шынайы революциялық және популистік дәуірдің бастамасы» деп бағалады. Қытайдағы мұсылман қауымының басшысы Бұрхан Шәхиди арнайы мақалалар жариялап Түркияға қолдау білдірді. 1965 жылы ҚХР-ның Премьер министрі Чжоу Эньлай, Қытай мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастар орнатуға ешқандай кедергі жоқ екенін мәлімдеді. Осы мәлімдемеден көп өтпей ҚХР-ның Сауда делегациясы алғаш рет Түркияға сапармен келді [4, 12].

ҚХР мен ТР арасындағы дипломатиялық қатынас Қытайдың Париждегі Төтенше және өкілетті елшісі Huang Zhen (黄镇) мен Түркияның Париждегі Төтенше және өкілетті елшісі Hasan Esat Işık арасында 1971 жылы 4 тамызда қол қойылған Хаттамамен орнатылды. Аталмыш Хаттамада «Тәуелсіздік, егемендік, ішкі ісітерге араласпау, тең құқықты, екі жақты мүдделерді қорғау негізінде, бүгіннен бастап екі мемлекет арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнату туралы шешім қабылданды» деп көрсетілген. Осы кездесуде Түркия мемлекеті ҚХР-ды Қытайдың бірден бір заңды үкіметі деп танығандығын мәлімдеді. Түркия Тайваньды Қытайдың ажырамас бөлігі ретінде танып, Қытай мен «Бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципі» негізінде дипломатиялық қатынас орнатты.

Екі ел дипломатиялық байланыс орнатқаннан қазірге дейін Қытай-Түркия қарым-қатынастары жөнінде түрлі саяси орталарда қызу пікірталастар жалғасып келеді. Басты сұрақ ҚХР-мен орнатқан дипломатиялық қатынастың Түркия үшін қандай пайдасы немесе зияны бар деген мәселе төңірегінде өрбіп келеді. Пікірталастардың Түркияның ұлттық мүддесі тұрғысынан қанат жаюын қалыпты жағдай деуге болады [5].

Қырғи қабақ соғысы аяқтаған соң, Түркия сыртқы саясатында өзгерістер жасап Азиялық елдермен өзара қатынасты дамытуға басымдылық бере бастады. 1990-шы жылдары Қытай мен Түркия арасындағы кенес, пікір алмасулары жиілей түсті. Сауда көлемі ұлғайды. Қытай деректеріне сүйенсек, 1985 жылы Қытай-Түркия саудасы 98 млн болса, 1998 жылы 77,8 млрд болды. 1995 жылы 22 мамырда Түркияның президенті Сүлейман Демирелдің ҚХР-ға саған алғашқы ресми сапары, екі жақты қатынастардың дамуын белгілі бір деңгейге көтерді. Сүлейман Демирел өзімен бірге барған делегациясымен, Қытайдың бірнеше қалаларын аралады. Сапар барысында қытайлық әріптестерімен кең көлемде аймақтық және әлемдік мәселелер бойынша пікір алмасты. Сулейман Демирель екіжақты ынтымақтастықты арттырумен қатар, Кипр, Босния-Герцеговина және Таулы Қарабах мәселелерінде Қытайдан қолдау тапқысы келетіндігін білдірді. Осы сапар барысында Түркияның мүддесіне сәйкес келетін екі жақты қатынастардың іргетасы қаланды [6, 36]. Демек, ҚХР мен ТР арасындағы қатынастар халықаралық қатынастар жүйесіндегі өзгерістерге байланысты өзгеріп дамып отырды.

Қытай-Түркия қатынастарында сақталып отырған басты мәселелері. Екі ел арасындағы қарым-қатынастың дамуымен бірге, кейбір түйткілді мәселелер де сақталып келеді. Қытай мен Түркия арасында ортақ ұлттық мүдделер бар. Сауда-экономика, туризм саласында ортақ мүдделері басым. Бірақ сыртқы саясат саласындағы ұстанымдары бір-бірімен мүлде үйлеспейді. Олардың жүргізіп отырған халықаралық сыртқы саясаты әртүрлі. Бүгінге дейін екі ел арасындағы ынтымақтастық байланыстар айтарлықтар өрістеп кетпеуіне осы жәйт ықпал етуі мүмкін.

Қытай мен Түркия арасындағы саяси қарым-қатынасында Қытайдың Шыңжаңдағы ұйғырлар мәселесі бұрыннан бері келісе алмайтын түбірлі принцип болып келеді. Өйткені Шыңжаңнан бой тасалаған оппозициялардың барар жері, қолдау табатын елі – Түркия болып келеді. Арғысын айтпағанда 1980-жылдардан бері Иса Юсуф Алптекин, Мұхаммед Нияз сияқты оппозиция лидерлерінің Түркияны паналап, антиқытайлық әрекеттер жасауы екі ел қатынастарына кері ықпал етіп келеді. Өйткені Түркия ресми/бейресми түрде әртүрлі ұйғыр оппозициясына қолдау көрсетіп келеді. 1991 жылы Сулейман Демирел оппозиция жетекшісі Иса Юсуф Алптекинді қабылдады. Түркияның оппозиция өкілдерін қолдауына Қытай тарапы қатты наразылы болып келеді.

XXI ғасырда Қытайдың Дүниежүзі сауда ұйымына (ДСҰ) кіруіне байланысты олардың дүниежүзілік экономикаға ықпалы арта түсті. Соған байланысты Қытаймен өзара қарым-қатынасты жақсартудың маңыздылығын түсінген Түркия үкіметі, 2000 жылы Қытай төрағасы Цзян Цзэминь (Jiang Zemin) Түркияға жасаған ресми сапары барысында, Түркияда Қытайды бөлуді көздеген экстремистік топтардың тыйым салуға кепілдік берді. Сондай-ақ Қытай тарапының талабы бойынша екі ел арасында қылмыскерлерді қайтару келісіміне қол қойды. Екі ел басшылары лаңкестікке, экстремизмге қарсы ортақ декларация қабылданып, екі мемлекеттің ірі ақпарат құралдарында жариялады [5].

ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао (Hu Jintao) «Жарасымды әлем құру» («和谐世界») сыртқы саясатын жүргізді. Бұнымен қоса, қытай өркениеті әрқашан өз көршілерімен тату болуға назар аударатындығын және барлық мемлекеттер бір-бірімен үйлесімді өмір сүргендерін қалайтынын айтты. Сонымен бірге, өзінің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын алдағы 50 жылға жоспарын жариялады: ҚХР-дың егемендігі және территориялық тұтастығын сақтау (бұл жерде Шыңжаң мен Тибеттегі сепаратист күштерді аластап, территория тұтастығының сақталуы және Тайваньның орталық Қытаймен бірігуі туралы айтылып отыр). Ал территория тұтастығының сақталуы ҚХР экономикасының тұрақты дамуы үшін өте маңызды. Қытай Шыңжаң мәселесін Кіші Азия (Түркия) және Орта Азия мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы шешуді көздейді. Сондықтан да болар ресми Бейжің аталмыш елдермен екіжақты дипломатиялық қатынастар арқылы да көпжақты дипломатиялық қатынастар арқылы да тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауды көздеді [7, 96].

2009 жылғы Түркия Президенті Абдулла Гүл (Abdullah Gül) Қытайға ресми сапармен барды. Қытай мен Түркия арасындағы экономикалық байланысты дамыту, Қытайдың Түркияға инвестициясын арттыру, Қытай мен үшінші әлем елдерінің туристерін Түркияға бағыттау бойынша серіктестік орнатты. Екі ел арасында көп жылдар бойы шешілмей келе жатқан мәселелер талқыланды. Алғаш болып Президент Абдулла Гүл

Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы районына сапармен барды. Ол сапар барысында Түркияның Қытаймен дипломатиялық қатынасында Шыңжаңның маңыздылығын атап өтті. Шыңжаңдағы түркі тілдес ұлттардың дініне, тіліне еркіндік беруге шақырды.

Алайда, Абдулла Гүлдің бұл сапары Шыңжаңдағы ұлттаралық қатынастың жақсаруына септігі шамалы болды. Сол жылдың 5 шілдесінде Үрімжідегі ұлттаралық қанды оқиға орын алып, Қытай-Түркия қатынасын қайтадан суытты. Түркияның Премьер-министрі қызметін атқарып жүрген Режеп Тайып Ердоған Үрімжідегі оқиғаларға қатысты қатаң реакция танытты. Алайда кейін келе, Түркия Үрімжі оқиғаларына байланысты Қытаймен қарым-қатынасын бұзғысы келмейтінін мәлімдеді. Содан кейін Түркияның Сыртқы істер министрі Ахмет Давутоғлу мен Қытайдың Сыртқы істер министрі Ян Цзечи шиеленіскен қатынастарды қалыпқа келтіру мәселесін талқылады. Екі ел арасындағы қарым-қатынасын қалыпқа келтіру процесі экономикалық қатынастар арқылы жүзеге асырыла бастады. 2009 жылдың қыркүйегінде Қытай-Түркия бірлескен экономикалық кеңестің отырысы өтті. Қытайдың сауда министрі Чен Демингпен түрлі келісімдерге қол қойды. 2011 жылы қытайдың Хайнан әуе жолы компаниясы Шанхай - Үрімжі – Ыстанбұл бағытын ашты. 2012 жылы Түркияның Қытайдағы мәдениет жылы, 2013 жылы Қытайдың Түркиядағы мәдениет жылы шаралары өтті. Сол жылы Қытай төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанда «Жібек жолы экономикалық белдеуін» құру жобасын ұсынды, Қытай «Батысқа беттеу» сыртқы саясаты жүргізді, Түркия «Шығысқа беттеу» сыртқы саясаты жүргізіп, екі мемлекет стратегиялық тұрғыда тоғысты. Сонымен Түркия үкіметі Қытайдың ішкі істеріне қол сұқпайтынын қайта мәлімдеді. [8, 251].

Түркия мен Қытай арасындағы тағы бір саяси проблема Тайвань мәселесі болып табылады. Түркия алғаш Қытайдың Гоминьдан Үкіметімен дипломатиялық қатынас орнатқан-ды. Сондықтан Гоминьдан Тайвань үкіметімен қатынасын жалғастырып келді. ҚХР-мен дипломатиялық қатынас орнатқаннан кейін «Бір Қытай» принципі бойынша Тайваньды «Қытайлық Тайбэй» деп үкіметтік емес байланыстарын сақтады. Түркия АҚШ, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты Тайваньмен аймақаралық қатынастарын ұстанып келеді [9, 16].

Соңғы жылдары Түркия Қытаймен икемді қарым-қатынас жасауға мәжбүр болып отыр. Өйткені Қытайда Шыңжаң мәселесі болса, Түркияда күрттер және Кипр проблемасында Қытайдың ұстанымы Түркия үшін маңызды. Қытай тарапы күрттер мәселесін Шыңжаң мәселесімен тепе-тең орынға қойып, Түркияға ескертулер жасап бағуда. Күрттер, Кипр мәселесінде Түркия өзінің қауіпсіздігі ұлттық мүддесін қорғау үшін халықаралық аренада Қытайдың қолдауына ие болуға мұқтаж.

Қытай авторлары Түркиядағы күрд мәселесі бойынша көптеген мақалалар жариялаған. Олардың қатарында Қытай тарихшысы Wang

Zhijuan жазған «Күрд ұлтының драммасы қашан бітеді? (kürt milleti dramı ne zaman bitecektir?)» атты мақаласында, 1984 жылдан бергі Түркиядағы күрд мәселесін қарастырған. Сонымен қатар «Күрдтердің ауыр трагедиясы (1984)», «Күрдістан, географиясыз тарих (1990)», «Түркиядағы күрд мәселесі (1925-1984)» сияқты мақалаларды жариялап келеді [10, 160].

Сондай-ақ, Қытайлық саясаттанушы Wang Zhijuan мақаласында: «Түркия мемлекеті мен саясаткерлері күрдтерді жеке ұлт ретінде қабылдағысы келмейді, олардың пайымынша, күрдтер түріктердің бір қауымы, азшылық ұлт ретінде қаралмайды. Түркияда тек түріктердің ғана ұлт болуға құқығы бар, басқа ұлттарда түріктермен тең құқылы жасауға еркіндік берілмеген. Күрдтердің тілін, мәдениетін дамыту және жеке ұлт ретінде өмір сүру үшін көтерген талаптарын аяусыз түрде басып отырады. Тіпті, Түркия кезінде Түрік әскерлері күрдтер тығыз қоныстанған ауылдар мен қалаларға азық-түлік эмбарго қою сияқты түрлі адамшылық қасиетке жат әрекеттерге барып отыр. Көптеген ауылдар өртелді немесе жойылды. Көптеген күрдтерді түрік қауіпсіздік күштері арқылы өз ауылдарынан күштеп жер аударды. Түрік ұлтшылдары «Түркиядағы күрдтер түрік болуы керек» дейді. Күрдтер өздерінің ұлттық болмысын сақтағысы келгендіктен, түріктердің көзқарасын қабылдай алмайды. Күрдтер өз тарихының тереңде жатқанын, бұған географиялық атаулар, тіл, жазу, мәдениет және дін өзгешеліктері әртүрлі мемлекеттерге тайпаларға бөлшектеу арқылы бірегейлік туралы ойларға күмән тудырды. Түркия халықаралық құқық принциптері, келісімдер мен конвенцияларға сәйкес, Түркия қоғамындағы барлық ұлттарға теңдік негізінде саяси, әкімшілік, мәдени көп қырлы демократиялық мемлекет құру қажет болатын. Бірақ күрд мәселесі Түркияның ішкі мәселесі болудан қалып, халықаралық мәселеге айналды» - деп жазылған [11,89]. ҚХР үшін күрд мәселесі, батыс Азиядағы күрд халқының тәуелсіздік үшін күресі болып табылады (Nan Fang ri bao, 1999) [12]. Сонымен қатар, Қытай коммунистік партиясының үні ретінде қаралатын (Ren min ri bao) газетінде Косово соғысы жөнінде жазған мақалада «АҚШ Түркияның күрдтерге қарсы саясатын үнсіз құптап, Косовода орын алған Албанияның тәуелсіздік қозғалысын қолдау арқылы Югославияның ыдырауына ашық қолдау көрсетті», - деп ашық жазған болатын [13].

ПКК-ның (ПКК - Күрдістан жұмысшылар партиясы) атын Қытай баспасөзінде Түркия мемлекеті қолданатын «Сепаратист», «Экстремист» терминдері мүлдем қолданылмайды. Оның орнына ПКК-ның басшысы Abdullah Öcalan-ға қатысты қытай баспасөзінде «Түркия мемлекетіне қарсы күрд жұмысшы партиясының басшысы Öcalan» және «Күрдістан жұмысшы партиясы лидері Öcalan (土耳其库尔德工人党的主要创始人之一, 阿卜杜拉·奥贾兰)», - деген атаулар қолданылған.

Кейбір қытайлық стратегтер Түркиядағы ПКК мәселесін Косово мәселесімен қатар қойып қарастырады. «АҚШ пен НАТО Милошевичтың

Косоводағы албандарға қарсы жүргізген геноцидіне қарсы әскери қимылдар жүргізді. Дәл осылай Түркияда курдтерге қарсы геноцид жасалуда. Бірақ АҚШ пен НАТО күрдтер мәселесінде араласпай Түркияны үнсіз құптап келеді. Мұның себебі, Түркияның НАТО-ның мүшесі және АҚШ-тың одақтасы болуында. Сол себептен де Слободан Милошевичте НАТО-ға мүше болсын және осы арқылы әуе шабуылдан аман қалсын», - деген пікірлер білдірген болатын [10, 161]. Қытайлық сарапшы Du Ren «Шыңжаңдағы дүрбелең және Пантүркизм» атты мақаласында: «Батыстықтар Ирақтағы күрдтердің тәуелсіздік үшін күресін қолдауда, бірақ, бұл қозғалыстардың барлығы Түркия территориясында болғандықтан ауыр түрде жанышталды. Көптеген бейбіт тұрғындарға қарсы жүйелі түрде өлім жазасы, азаптау, мәжбүрлі қоныс аудару, күрд журналистерін, белсенділерді өлтіруді және олардың жоғалуы мәселелері жиі туындап отыр. Ал Қытайдағы адам құқығын жиі айыптайтын АҚШ Түркияның заңсыз әрекетін үнсіз қарап құптап отыр», [14] - деп айыптады. Сонымен бірге, Қытайлық 枫华园 (Feng hua yuan, fhy.net) журналында «Халықаралық геосаясат және адам құқықтары: Түркия және АҚШ» атты мақалада, «Түркияны диктатор әскерлер басқаруда және елде көптеген саяси тұтқындар бар. Түріктер халықтың 10% құрайтын күрдтерге қарсы геноцид жасаумен қатар, Кипрдағы гректерді аяусыз қырғындауда. Түркиядағы саяси тұтқындардың саны Қытайдан әлдеқайда көп», - деп жазылды. Бұл сөздің астарынан Қытайдың Түркиядағы күрдтер мәселесіндегі позициясын айқындауға болады [15].

Қытайдың Түркияға қатысты қимылдарында белгілі бір дәрежеде қарама-қайшылықтар туындап отыр. Десек те, Қытайдың Түркияның ұлттар саясатын өздерімен салыстырып жазып отырғаны мәлім. Түркияның әртүрлі мүдделер шоғырланған аймақта әлеуеттік экономикалық әскери күшке айналуы, батыспен тығыз қарым-қатынасы және НАТО-ға мүше болуы сияқты ерекшеліктері Қытайдың Түркияға сенім байлай алмайтынын аңғартады. Қытай АҚШ пен Түркияның Орталық Азияға немесе Таяу Шығыста бірге ынтымақтастық жасауынан, Түркияның Еуропа Одағымен бірлесіп, Европаның шығыс шекарасын Орталық Азияға дейін созып, Қытайдың аймақтық мүддесіне қатер төндіруден қауіптенеді. Сондықтан да, Қытайдың Түркияны Шанхай Ынтымақтастық Ұйымынан (ШЫҰ) аластатуы да осы қауіптенудің бір көрінісі. Қытай қазіргі таңда, Түркия мен Қытай арасындағы күрдтер мен ұйғырлар мәселесі бойынша айтыстары олардың ұлттық мүдделерінен жоғары тұрмайтыны анық. Сондықтан ҚХР мен ТР арасында мемлекеттік қарым-қатынастар өз жалғасын тауып отырады деп санаймыз.

Екі елдің әскери саладағы ынтымақтастығы. Түркия әлемдегі ең тұрақсыз қауіпті аймақтардың ортасында орналасқан мемлекет, төңірегін өңшең зымыран қаруы бар мемлекеттер қоршаған. Сондықтан Түркия күшті әскер, озық әскери технология ұстауға мүдделі. Осы тұрғыдан Түркия Қытаймен

әскери салада ынтымақтастық қатынасын дамытуға белсенділік танытып келеді. Түркияның Кония қаласында әр жылы тұрақты түрде өткізетін «Anadolu kartali» атты әскери оқу-жаттығуына 2010 жылы алғашқы рет Қытай Халық Азаттық армиясын (ҚХАА) шақырып қатыстырды. Қытайдың соғыс ұшақтары Пәкістан мен Иранның әуе кеңістігін пайдалана отырып Түркияға келді. Олар 20 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Конияда Түркия әуе күштері құрамындағы F-4 соғыс ұшақтарымен бірге оқу-жаттығу өткізді. Бұл екі елдің әскери қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы, аймақтық қауіпсіздікті сақтау және әлемде тұрақтылықты орнатуға ортақ көзқарас орнатты [16].

Қытай мен Түркияның сауда-экономикалық байланыстары. Қытай мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстар Қытайдың экономикалық дамуымен байланысты біртіндеп дамып келеді. Бірақ түрлі себептерге байланысты бұл үрдіс тұрақты дамып отырған жоқ. Кей жылдары экономикалық қатынастар жақсы нәтижеге қол жеткізсе, кей жылдары айтарлықтай дамып кетпегенін байқауға болады. Қазіргі кезге дейін екі ел де сауда қатынастарын дамыту толық іске асыра алған жоқ деуге болады.

Екі мемлекеттің де сауда-экономикалық қатынастары бір-бірін толықтырумен қатар, өздерінің өндірген тауарларын өткізу барысында аймақта бәсекеге түседі. Түркия Қытайдың арзан жұмысшы күшімен өндірген арзан тауарларымен бәсекелесе алмай келеді. Сонымен қатар, Түркияның Қытаймен арадағы сауда қарым-қатынастарында келесідей кедергілер орын алуда: екі елдің сауда туралы заңдарының әркелкі болуы, Түркияның қытайлық текстиль өнімдеріне қарсы арнайы шектеу шараларын қолдануы. Сондай-ақ Түркияның әлемдегі ең озық, ең мықты делінген 500 компаниясының 128 кәсіпорны Қытайда орналасқан. Алайда Түркияның аталмыш компаниялары Қытай нарығында бәсекелесуге қауқарсыз болып отыр.

Текстиль өнімдері Қытай үшін де, Түркия үшін де көп табыс әкелетін маңызды импорттық тауар болып табылады. Қытай тарапы Түркияның өз тауарларына қарсы қолданған шектеу шаралары қайталануынан және де батыс елдері мен АҚШ сияқты елдердің де мұндай әрекетке баруынан қорқады. Мұнымен қоса, қытайлық кәсіпкерлер де бұл жағдайға алаңдаулы. Қытай да, Түркия да дамушы мемлекеттер санатына жататындақтан, олардың өндіретін тауарлары да бір-біріне ұқсас болып келеді, яғни екі елдің өндірген өнімдері бір-бірін толықтыру емес, керісінше, бір-бірімен бәсекелес болып шықты. Аталмыш жағдай екі ел арасындағы сауда бәсекелестігін арттыра түсетіні сөзсіз. Алайда, Қытайдың арзан жұмысшы күші мен тауарлары алдында Түркияның жеңіліс табатыны анық. Дәл осындай сауда бәсекелестігі тек текстиль өнімдерінде ғана қатысты емес, келешекте басқа да салаларды қамтуы мүмкін.

Әлемге әйгілі маркалардың көбісі Қытайда өндіріліп жатыр және

«Әлемнің фабрикасы» деген атқа ие. Түркияның Қытай нарығынан өзіне тиісті үлесін алуы, сонымен бірге, екі жақты экономикалық байланыста ұтуы өте қиын мәселе. Таяу жылдардан бері, Түркияның Қытаймен арадағы сауда байланысында шығынға батып келгені осының айғағы, қазір Қытайдың сыртқы елдерге салған миллиардтық инвестициясы жұмыс істеуде, әлемнің екінші экономикалық күшіне айналған Қытай үшін Түркия мен арадағы 4-5 миллиард долларлық сауда көлемі тым аздық етеді. Түркия стратегиялық мемлекет болуына қарамастан экономикалық тұрғыдан Қытайдың шынайы қызығушылығын тудыра алмады [5].

2005-2006 жылдары аралығында Қытай-Түркия арасындағы екі жақты сауда көлемі 4 миллиард болған. Бұл көрсеткіш 2017 жылы 27,7 миллиард долларды құраған. Алайда, мұның 3,5 миллиард доллары ғана Түркияның еншісіне тиген. 2018 жылы Қытайдың Түркияға экспорты 20,71 миллиард доллар, импорты 2,91 миллиард доллар болған. 2019 жылы Қытайдың экспорты 18,49 болып, импорты 2,58 миллиард долларды құраған. 2020 жылы екі жақты сауда айналымының көлемі 25 миллиард долларды көрсеткен. Оның ішінде, Қытайдың Түркияға экспорты 23,2 миллиард долларды, ал Түркиядан Қытайға импорт көлемі 2,86 миллиард долларды құраған. Түркия тарапы Қытай мен саудадағы теңсіздікті жою үшін барынша тырысуда, тек соңғы жылдары саудадағы теңсіздікті инвестициялар көмегімен жоюға болатынын айтып, жаңа шешім тапқандай болды.

Қытайдың Түркияға шығаратын экспорт тауарлары: электр машиналары, құрылғылар мен аспаптар, жеңіл өнеркәсіп өнімдері, механикалық және электронды бұйымдар, балалар ойыншықтары, тоқыма бұйымдары, түрлі жиһаздар, медициналық және фармацевтикалық өнімдер, органикалық химиялық өнімдер, аяқ киім және саяхат заттары, ауыл шаруашылық құрал-жабдықтар, жолаушы және жүк таситын кемелер.

Түркияның Қытайға экспорты: алтын, жеңіл автомобильдер, шойын және болат, тыңайтқыштар, тұз және күкірт минералды заттар, бейорганикалық химиялық өнімдер, сүт өнімдері, өсімдік майы және дәнді дақылдар, балық өнімдері, жеміс-жидектер, мәрмәр және гранит тастар, киім-кешек тоқыма өнімдері [17].

Екі елдің экономика және технология саласындағы ынтымақтастықтан бөлек, туризм саласы қарқынды дамып келеді. Türkiye İstatistik Kurumu (TÜİK) (Түркия статистикалық институты) статистикасына сүйенсек, Түркияға келген қытайлық туристердің саны соңғы 20 жылда екі есеге артты. 2000-шы жылы Қытайдан Түркияға жылына келетін туристер саны небәрі 21 мың 518 болған. Қытайлық туристер саны, әсіресе, 2010 жылдың басынан бері айтарлықтай өсті. 2010 жылы Қытайлық туристер саны 77 мың адамға жеткен. 2013 жылы 139 мыңға жетсе, 2014 жылы бұл көрсеткіш 200 мыңды құраған. 2018 жылы Түркияға келген қытайлық туристердің саны 247 мыңға жетті. 2019 жылғы мәліметтер бойынша 426 мың турист келген,

бұл Түркияға келген 100 туристтің бірі қытайлық деген сөз. Қытайлық туристердің түрік туризміне қосқан үлесі 273 миллион долларды құрады [18].

Қытай қазір әлемдегі сыртқы сауда бойынша ең үлкен ел ретінде 2 триллион доллар инвестиция қорына ие. Қытай бір жағынан сырттан ішке инвестициялар тартып жатқанымен, екінші жағынан, Қытайдың ұлттық мүддесі тұрғысынан стратегиялық маңызы бар аймақтар мен елдерге инвестициялар салуды қолға алуда. Түркия да аймақта стратегиялық мемлекет болуына қарамастан, қазірге дейін сауда-экономикалық тұрғыдан Қытайдың қызығушылығын тудыра алмай келеді. Дәл осы кезеңге дейін, Қытай Түркияның энергетика, көлік және жылжымайтын мүлік саласына инвестициясы 15 миллиард долларды құрайды. Түркияға салынған инвестицияның ішінде ең ауқымдысы – энергетика секторына салынған, жалпы инвестицияның 63 пайызын құрайды.

Бүгінде Түркияда 1000-нан астам қытайлық компаниясы жұмыс істейді. Оның ішінде, Bank of China және ICBC сияқты өте маңызды банктік және қаржылық институттар да жұмыс жасайды. Сонымен қатар, Қытайдың Huawei компаниясы Ыстанбул қаласында 2002 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Huawei компаниясы Түркияның технология саласын дамытуға бағыттталып отыр. Қазіргі таңда, екі ел арасында ғылыми-зерттеу, технологиялық инвестициялар, адам ресурстарын дамыту, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларын жаңғырту жүйесінде өзара ынтымақтастықтар жүргізіліп келеді [16]. Қытай мен Түркия арасындағы сауда-экономика саласындағы ынтымақтастығының болашағы зор деуге негіз бар.

Қорытынды және тұжырамдама. Қытай мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар екі елдің ішкі және сыртқы саясатына байланысты қалыптасып, даму динамикасында келеді. XX ғасырдың соңындағы қырғи қабақ соғысының аяқталуы, XXI ғасырдағы Қытайдың өрлеуі әлемдік күштердің қайта орналасуын, халықаралық қатынастар жүйесінің қайта құрылуын анықтады. Соған байланысты Қытай мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар да дәуірлік сипат алды. Сонымен қатар, екі ел қатынастарында ұлттық идеологияның ұқсамауы мен саясат ұстанымдардың айырмашылығынан туындап отырған мәселелер де сақталып отырғанын анық аңғарамыз.

ҚХР-дың қарқынды дамуы мен халықаралық ықпалының арта түсуіне байланысты Түркия елінің экономикалық дамуына терең әсер ететіні ақиқат. Екі ел арасында әрі ынтымақтастық әрі бәсекелестіктің сақталатынын анық аңғартады. Дей тұрғанмен екі мемлекет бір-біріне тікелей қатер төндірмейді. Түркия мен Қытай арасында ұлттық мәселелерге байланысты саяси қарама-қарсылықтар сақталып отырғанымен, ұлттық – мемлекеттік мүдде тұрғысынан олар өзара ынтымақтастық қатынасын дамытатыны сөзсіз. Қазірге дейінгі Қытай-Түркия қатынастарының дамуы олардың болашақ

дамуына берік негіз қалады.

Түркия болашақтағы халықаралық қатынастар жүйесінде АҚШ, Еуропалық Одақ, Ресей және Қытай қатынастарына басымдылық беретіні белгілі. Солармен болған қатынастарының балансынан өзінің ұлттық мүддесін жүзеге асыруға тырысады деп санаймыз. Қытай мен Түркия қатынастары белгілі деңгейде Қазақстанға да ықпал жасайды деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Adıbelli Barış. Osmanlı'dan Günümüze Türk-Çin İlişkileri. -İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2007. -336 s.
2. Karpat Kemal. Türk Dış Politikası Tarihi. - İstanbul: Timaş Yayınları, 2012. - 315 s.
3. Мұқаметханұлы Н., Кәрібжанов Ж. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010). - Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 249 б.
4. ezkan, Yılmaz. Uzak ve Yakın Komşumuz Çin, İstanbul: Ülke Kitapları, 2002. -208 s.
5. Момынқұлов Ж.Б. Түркия-Қытай қатынастарының дамуы (1999-2005) // КазҰУ хабаршысы// Шығыстану сериясы. №3(56) 2011.
6. Huan Weimin (黄维民). Түркия(土耳其). Beijing: Shangwu yinshuguan, 2002. - 401б.
7. Жекенов Д. Қ. Қытай халық республикасы « төртінші буын» басшыларының сыртқы саясаты(2003-2013жж.) Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 180 б.
8. Çolakoğlu Selçuk. Türkiye-Çin İlişkilerinin Son On Yılı (2000-2010). İstanbul: Uluslararası Siyaset yayınları, 2002. -269 s.
9. Selçuk Çolakoğlu ve Arzu Güler, "Türkiye ve Tayvan: İlişkilerde Zemin Arayışları", USAK Analiz, No.12, Ağustos 2011, 26 s.
10. Nuraniye Hidayet Ekrem. Çin'in dış politikası(1950-2000). ASAM, Avrasya stratejik araştırmalar merkezi yayımları, Analiz, Nisan 2003. -187 s.
11. Pen zhiping. Self-Determinasyon ve Etnik Bölücülük. Milli Sosyal Bilimler Akademisi destek proje raporu, Urumçi: Xin Jiang ren min chubanshe, 1999. 109 s.
12. Nan fang газеті 南方日报, Kuang Shengyan, Chen Zhihong "Kuerde gongrendang wenti ji qi dui Tuerqi neiwai zhengce de yingxiang" (Күрд жұмысшы партиясы мәселесі және оның Түркияның ішкі және сыртқы саясатына әсері) 1999年 12月17日.
13. Бейжин халық газеті 北京人民 日报. Yang Chengxu, "Zhong-Tu Zhuan lue Guangqi Yu Zhanwang" (Қытай-Түркия қарым-қатынасы және келешекке болжам), 1999年 6月1日. 北京.
14. Синхуа агенті 新华社, Tang jianxuan, "科索沃战争和美国的伟大帝国政策kesuowo Zhanzheng he Meiguo de weida diguo zhengce" (Косово соғысы және АҚШ-тың ұлы империялық саясаты),1999年 11月19日. 北京.
15. Feng li yuan. URL:<http://www.fhy.net/On-line/1998/fhy9802a.html#>. 日1月2年2000
16. Temiz Kadir. Türkiye-Çin İlişkileri. SETA, Analiz, Nisan 2017, sayı. -9 s.
17. Türkiye Cumhuriyeti Dışişleri Bakanlığı // URL:<https://www.mfa.gov.tr/turkiye-cin-halk-cumhuriyeti-ekonomik-iliskileri.tr.mfa> (қаралған күні: 10.01.2023).
18. Turizm günlüğü, turizm ve seyahat gazetesi, (Туризм және саяхат газеті), 1 Şubat 2020.

REFERENCES:

1. Adıbelli Baris. Osmanlı'dan gunumze Turk-Qin iliskileri. [Turkish-Chinese Relations since the Ottoman Empire] İstanbul: IQ Culture Art Publishing, 2007, p 336.
2. Karpat Kemal. Turk dis politikasi tarihi. [Turkish Foreign Policy History]. -İstanbul: Timas Publications, 2012, P. 315.
3. Muhamethanuly N., Karibzhanov Zh. Qitaydin sirtqi sayasati jane Qazaqstanmen qatinasi (2000-2010) [China's foreign policy and relations with Kazakhstan (2000-2010)]. -Almaty: Kazakh University, 2013, p. 249.
4. Tezkan, Yılmaz. Uzak ve Yakın Komşumuz Qin. [Our Distant and Former Neighbor China] İstanbul: Country Books, 2002, p. 208.
5. Momynkulov. Zh.B. Turkiya-Qitay qatinastarinin damwi(1999-2005) [Development of Turkish-Chinese relations (1999-2005)]// KazNU xabarsh. Shigistanw seriyasi. №3(56) 2011.
6. Huan Weimin. Türkiye. Beijing: Shangwu yinshuguan, 2002, p. 401.

-
7. Zhekenov D. K. Qıtay Xalıq respwblikası « tortınsı bwin» bassılarının sirtqi sayasatı[Foreign policy of the leaders of the "fourth generation" of the People's Republic of China (2003-2013)] -Almaty: Kazakh University, 2017, P. 180.
 8. Selcuk Colakoglu. Turkiye-Qin İlişkilerinin Son On Yılı.[The last ten years Turkey-China relations(2000-2010)] International Politics publications, 2002, p. 269.
 9. Selcuk Colakoglu ve Arzu Guler, Turkiye ve Tayvan: İlişkilerde Zemin Arayışları[Turkey and Taiwan: Seeking Ground in Relationships]. USAK Analiz, No.12, Agustus 2011, p. 26.
 10. Nuraniye Hidayet Ekrem. Qin'in dış politikası. [China's foreign policy(1950-2000)]. Eurasia strategic research center publications, Analysis, 2003, P. 187.
 11. Pen zhiping. Self-Determinasyn ve Etnik Boluculuk [Self-Determination and Ethnic Separatism]. Milli Sosyal Bilimler Akedemisi destek proje raporu, Urumqi: Xin Jiang ren min chubanshe, 1999, p. 109.
 12. Nanfang ri bao. Kuang Shengyan Chen Zhihong, "Kuerde gongrendang wenti ji qi dui Tuerqi neiwai zhengce de yingxiang" [The Question of the Kurdish Workers Party and Its Impact on Turkey's Domestic and Foreign Policy] 17 December 1999.
 13. Beijing ren min ri bao. Yang Chengxu, Zhong-Tu Zhuan lue Guanqi Yu Zhanwang[China-Turkey relations and forecast for the future], 1 June 1995, Beijing.
 14. Xinhua Agenittigi. Tang jianxuan, kesuowo Zhanzheng he Meiguo de weida diguo zhengce [The Kosovo War and America's Great Imperial Policy], 19 November 1999. Beijing.
 15. Feng li yuan [Feng li yuan Newspaper] // URL:<http://www.fhy.net/On-line/1998/fhy9802a.html#>. February 2, 2000.
 16. Temiz Kadir. Turkiye-Qin İlişkileri [Turkey-China Relations]. SETA, Analysis, 2017, P. 9.
 17. Turkiye Cumhuriyeti Disisleri Bakanlğı [Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Turkey] // URL:<https://www.mfa.gov.tr/turkiye-cin-halk-cumhuriyeti-ekonomik-iliskileri.tr.mfa>. 1 May 2021.
 18. Turizm ve seyahat gazetesi [Tourism and travel newspaper] // February 1, 2020.